

## План урока предмета Самопознание, 8 класс

«Ақсу кентінің № 2 орта мектебі» ерзімі: 23.12.19 ж. № 15-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Отанға жол

Құндылық: Сүйіспеншілік

Қасиеттер: адамдарға риясыз қызмет ету, кешірімшіл болу, шынайылық, жанашырлық.

Пән мұғалімі: Омарова Сагдат Бакеновна

Сыныбы: 8 «Б»

| Сабақтың мазмұны   | Ресус                                     |
|--|---|
| <p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Қоғамға қызмет етудегі тәрбиені сүйіспеншілікпен қабылдау әр адамның міндеті екендігін түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p><b>Білімділік:</b> - адамдарға риясыз қызмет етуге үйрету;</p> <p><b>Дамытушылық:</b> - кешірімшіл болу қасиеттерін дамыту;</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> - шынайылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу.</p>   | Оқулық, дәптер, қалам, түрлі-түсті қағаз. |
| <p><b>Сабақтың барысы:</b></p> <p><b>1. Ұйымдастыру кезеңі:</b></p> <p><b>Тыныштық сәті: (Баяу музыка) «Нұрға бөлену»</b></p> <p><b>2. Үй тапсырмасын тексеру.</b></p> <p><i>«Менің Отаным – шұғылалы тәуелсіз Қазақстан»</i><br/>тақырыбында жазып келген эсселерін оқу.</p>  | Музыка қойылад<br><br>Тыныштық сәті       |
| <p><b>3.Дәйексөз</b> <span style="float:right">Ғ.Мүсірепов</span></p> <p><b>Дүниеде туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ</b></p> <p>- Еліңе жетер ештеңенің жоқ екенін сезінген кезің болды ма?</p>   |   |
| <p><b>4. Әңгімелеу:</b></p> <p style="text-align:center"><b>Отан</b> <span style="float:right">Шәкен Күмісбайұлы</span></p> <p>- Атасы немересіне Ауған жерінен оралған балалардың келген себебін қалай түсіндірді?</p> <p>- Мұса шет елде қандай оқиғаларды бастан кешірді?</p> <p>- Мәтінде туған елге, атамекенге деген сүйіспеншілік қалай суреттелген?</p> <p>- Өзің туған елге, жерге деген ыстық сезіміңді қалай жеткізер едің?</p> <p>- Отан алдындағы перзенттік парызыңды қалай өтер едің?</p> | Сұрақ – жауап (пікірталас)                |
| <p><b>5.Шығармашылық жұмыс</b></p> <p><b>1-тапсырма:</b> Төмендегі ой-толғауларды жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдау.</p> <p>.... «Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ»</p> <p>.... «Өз Отанын жан-тәнімен сүйу – адамшылықтың асқар шыңы»</p> <p>.... «Отансыз бақыт жоқ, кім-кімнің де тамыр жаяр топырағы</p>   |   |

– туған жері»

.... «Біздің ел - көп ұлтты ел. Кез келген отандасың – қай халықтың баласы болса да ол сенің досың»

.... О, дариға алтын бесік туған жер,  
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр.  
Сүйем сені туған ел – ата мекен  
Абзал анам сенсің ғой құшағың кең».

**2-тапсырма:** Мақал-мәтелді жалғастырыңдар.

1. Өзге елде сұлтан болғанша, .....
2. Туған жердей жер болмас, .....
3. Отансыз адам, .....
4. Ат айналып қазығын табар, .....
5. Отан - .....
6. Өз елімнің басы болмасам да, .....

*Отан – адамның ата-бабаларынан бері қарай кіндік қаны тамып, өсіп-өніп келе жатқан жері. Сондықтан қай елдің адамы болсын, өз Отанын дүниедегі ең қымбаттысы, ең қасиеттісі, ең аяулысы – Анасына балайды. Отан ұғымы адамның мінез, ізгілік сезімімен, парасатымен етене байланысты. Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы, Отаны. Бұл жерде ата-бабамыз тұрды, өмір сүрді, оның кең жазира жерін ата-бабамыз қасық қаны қалғаниша қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырылып келеді. Ол – біздің ең қасиетті, қадірлі, асыл мұрамыз. Қазақ халқы мекен мәселесіне өте терең ілтипатпен қараған халық. Жалпы «Атамекен» сөзі қазақ халқының сол жерді ерте кезден иемденіп келе жатқандығын білдірсе керек.*

6.топпен ән айту

Жігерлендіру

Мұхтар Шаханов

**7.Үй тапсырмасы.**

Келесі сабақ: 1. Өткенге шолу.

2. «*Көк тудың желбірегені*» А.Ахметбекұлы сөзіне жазылған өлеңін жаттау.

**8.Соңғы тыныштық сәті:**

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді бойларыңызға сіңіріп,жүректеріңізге түйіп алыңыздар.

Сүйіспеншілік, сүйіспеншілік, сүйіспеншілік бар жерде,

Сүйіспеншілік, сүйіспеншілік, сүйіспеншілік бүкіл әлемде.

«Ақсу кентінің № 2 орта мектебі» ерзімі: 30.12.19 ж. № 16-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Отанға жол

Құндылық: Қиянат жасамау

Қасиеттер: Мәдени мұраны құрметтеу, қоғам меншігін қамқорлау, қоршаған ортаны қорғау

Пән мұғалімі: Омарова Сагдат Бакеновна

Сыныбы: 8 «Б»

| Сабақтың мазмұны  | Ресустар   |
|---|--|
| <p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Қоғам азаматы ретінде еліне, жеріне қиянат жасамау әр бір азаматтың міндеті екендігін түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p><b>Білімділік:</b> - Мәдени мұраны құрметтеуге үйрету;</p> <p><b>Дамытушылық:</b> - қоғам меншігін қамқорлау ға баулу;</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> - қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.</p>   | <p>Сәлемдесу сабақтың мақсаты міндеті таныстырылады.</p> |
| <p><b>Сабақтың барысы:</b></p> <p><b>1.Ұйымдастыру кезеңі:</b></p> <p><b>Тыныштық сәті:</b> «Нұрға бөлену».</p> <p><b>2.Ұй тапсырмасын тексеру.</b></p> <p>1. 71-беттегі «Қала және қыз бала» әңгімесін оқып келу.</p> <p>2. <b>«Көк тудың желбірегені»</b> А.Ахметбекұлы</p> <p>Көктудың желбірегені - Қазактың асқақ беделі.<br/>Махаббат, қайрат екеулеп,<br/>Шымырлатқаны денені.</p> <p>Көктудың желбірегені - Елдіктің асқақ өлеңі,<br/>Әр жаққа тартпай, қазағым,<br/>Бір сөзге жинал дегені.</p> <p>Көктудың желбірегені - Жаныма қуат береді.<br/>Таласқа түссе жан мен ту<br/>Жан емес, маған керегі -<br/>Көктудың желбірегені.</p> <p>Көктудың желбірегені - Бақыттың елжірегені,<br/>Қиырда қалған Қазақтың<br/>Азат отанға жете алмай<br/>Көзінің мөлдірегені</p> | <p>Музыка қойылады</p> <p>Ұй тапсырмасын тексеру.</p>    |
| <p><b>3. Дәйексөз</b> Джон Кеннеди</p> <p><b>«Ел мен үшін не істей алады деп сұрама,<br/>ел үшін өзім не істей аламын деп сұра»</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>- Елдің саған берері не деп ойлайсың?</li><li>- Елің үшін сен не жасай аласың?</li></ul>  |  |
| <p><b>4. Әңгімелеу:</b> Сапарғали Бегалин</p> <p><b>Дала сұңқары қиырға қарайды</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>- Шоқан қалаға алғаш келгенде өзін қалай сезінеді?</li><li>- Василевский Шоқанды неге қыран балапаны деп атады?</li><li>- Шоқан туған аулына сағынышын қалай білдірді?</li></ul>  | <p>Сұрақ – жауап(пікірталас)</p>                         |

|   |   |  |                             |
|---|---|--|-----------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- Шоқанның туған аулына деген сүйіспеншілігі қандай қасиеттерінен көрініс береді?</li> <li>- Өзің Отаныңа, туған еліңе деген сүйіспеншілігіңді қалай білдірер едің? Айтып бер.</li> </ul>  |   |  |                             |
| <p><b>5.Шығармашылық жұмыс</b><br/> <b>1-тапсырма:</b> Өлеңді оқып, талдаңдар.</p> <p style="text-align: center;"><b>«Отан»</b> <span style="float: right;">Мұқағали Мақатаев</span></p> <table style="width: 100%; border: none;"> <tr> <td style="width: 50%; border: none;"> <p>Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,<br/> Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,<br/> Мен оның қасиетті тілін сүйем,<br/> Мен оның құдіретті үнін сүйем.<br/> Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,<br/> Бәрі маған: «Отан» - деп сыбырлаған<br/> Жаным менің,<br/> Кеудемді жарып шық та,<br/> Бозторғайы бол оның шырылдаған!</p> </td> <td style="width: 50%; border: none;"> <p>Отан!<br/> Отан!<br/> Бәріне биік екен,<br/> Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем,<br/> Отанды сүймеуің де күйік екен,<br/> Отанды сүйгенің де күйік екен.</p> </td> </tr> </table> <p style="text-align: center;"><i>Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміра алматқа құл мен күң з. Елімізден құт-береке кетпесін деп, жеріміздің шететіп отыын жау баспасын деп, найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбағын елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз тса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге – танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!</i></p> | <p>Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,<br/> Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,<br/> Мен оның қасиетті тілін сүйем,<br/> Мен оның құдіретті үнін сүйем.<br/> Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,<br/> Бәрі маған: «Отан» - деп сыбырлаған<br/> Жаным менің,<br/> Кеудемді жарып шық та,<br/> Бозторғайы бол оның шырылдаған!</p> | <p>Отан!<br/> Отан!<br/> Бәріне биік екен,<br/> Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем,<br/> Отанды сүймеуің де күйік екен,<br/> Отанды сүйгенің де күйік екен.</p> | <p>Ойларын ортаға салу.</p> |
| <p>Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,<br/> Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,<br/> Мен оның қасиетті тілін сүйем,<br/> Мен оның құдіретті үнін сүйем.<br/> Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,<br/> Бәрі маған: «Отан» - деп сыбырлаған<br/> Жаным менің,<br/> Кеудемді жарып шық та,<br/> Бозторғайы бол оның шырылдаған!</p>   | <p>Отан!<br/> Отан!<br/> Бәріне биік екен,<br/> Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем,<br/> Отанды сүймеуің де күйік екен,<br/> Отанды сүйгенің де күйік екен.</p>  |  |                             |
| <p><b>6.Топпен ән айту</b><br/> <span style="text-align: center;"><b>«Көк тудың желбірегені»</b></span> <span style="float: right;">А.Ахметбекұлы</span></p>  |   |  |                             |
| <p><b>7.Үй тапсырмасы.</b><br/> Келесі сабақ: 75 беттегі <b>«Қайдасың қасқа құлыным»</b> әңгімесін оқып келу</p>  | <p>Үй тапсырмаларын белгілеп алады.</p>   |  |                             |
| <p><b>8.Соңғы тыныштық сәті:</b><br/> Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді бойларыңызға сіңіріп,жүректеріңізге түйіп алыңыздар.<br/> Қиянат жасамау, қиянат жасамау, қиянат жасамау бар жерде,<br/> Қиянат жасамау, қиянат жасамау, қиянат жасамау бүкіл әлемде.</p>  | <p>Бүгінгі сабаққа белсене қатысып, сыр бөліс кені үшін алғысайту.</p>  |  |                             |